

Тәжірибе алмасты

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Ш.Уәлиханов атындағы №1 мектепте "Тәрбие жұмысында сынып жетекшілерінің кәсіби шеберліктерін шындау және өзара тәжірибе алмасу"

ров, қалалық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған "Ана – дария" мектебінің мүшесі Қарлығаш Жақыпбековалар қатысты.

Қатысушылар мектеп мұражайына саяхат жасап, Ш.Уәлихановтың өмірімен және мектеп тарихымен та-



мақсатында сынып жетекшілерінің қалалық семинары өтті.

Семинарға қалалық білім бөлімінің әдіскері Дастан Қалиев, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы Роман Аймағамбетұлы, белгілі қолөнер шебері Шәптібай Байділдин, ардагер-ұстаз Молдатай Жапа-

нысты. "Рухани жаңғыру тірегі – тәрбиелі ұрпақ" атты шығармашылық көрмені тамашалады.

– "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы – еліміздің бүгінгі мен болашағы туралы тереңінен толғап, ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғыртуға, ғылым мен білімге ұмтылуға үндейді.

**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**



Бұл ретте ұлттық құндылықтарды келесі ұрпаққа жеткізу үшін біз бағдарламада айтылғандай, өзіміздің ұлттық кодымызды сақтауымыз керек. Ол үшін біз өзіміздің мәдени, тарихи, рухани құндылықтарымызды дамыта отырып, әлемнің озық жетістіктері мен жақсы қасиеттерін бойымызға сіңіруіміз қажет, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әсел Махмұтқызы.

Семинар барысында композитор Б.Байқадамовтың өмірі мен шығармашылығын насихаттауға арналған "Өмірін өлеңменен өрнектеген", "Мәңгілік елдің жасампаз ұрпақтары", "Туған жер – тұнған тарих", "Ғажайып білім әлемі", "Жастар – еліміздің болашағы", "Білімді ұрпақ – ұлт болашағы", "Өмірдің өзі – ұлы ұстаз", "Адамзаттың асыл қасиеттері" сынды танымдық іс-шаралар жоғары деңгейде көрініс тапты.

Мектептің "Жұлдыздар жарқырайды" әдеби-сазды бағдарламасы да көпшілікті тәнті етті.

Арқалық қаласы.